

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
IMS OF LN GUMILYOV ENU  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE  
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ  
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»  
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ  
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

*Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының*

**ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТРУДЫ**

*Международной научно-практической конференции*

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ  
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ  
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

*Works of the international scientific- practical conference*

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS  
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE  
OF TURBULENCE»**

**2 часть**

**2015**

**Астана**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5  
Ә 52

### Редакция алқасы

*МАДИЯРОВА Д.М.* – төрағасы, э.ғ.д., профессор  
*РАХМЕТУЛИНА Ж.Б.* – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі  
*АХМЕТЖАНОВА С.Б.* - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты  
*АЗАТБЕК Т.А.* – э.ғ.д., профессор  
*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* – э.ғ.д., профессор  
*РАИМБЕКОВ Ж.С.* – э.ғ.д., профессор  
*ШАЛБОЛОВА У.Ж.* – э.ғ.д., профессор  
*КӘРІБАЕВ Ә.А.* - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»  
*СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.* - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры  
*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

**ISBN 978-601-301-521-7**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

**ISBN 978-601-301-521-7**

снижение затрат на транспорт в стоимости продукции; уменьшение времени перемещения грузов и пассажиров; повысить конкурентоспособность транспортных компаний стран-членов; увеличение вклада транспорта в ВВП; ускорение реализации инвестиционных проектов; создание механизмов финансирования инфраструктурных проектов; улучшение социального влияния на общество; снижение вредного экологического воздействия и др.

### **Список литературы**

1. Железнодорожный альянс ТС в 10 раз увеличит перевозки из КНР в Евросоюз через территорию ЕЭП [Электронный источник]. – 2015. – Режим доступа: <http://www.inform.kz/chn/article/2660819>. – Дата доступа: 02.10.2015.
2. Караганов, С.А., Барабанов, О.Н., Бордачев, Т.В. К великому океану, или новая глобализация России : Аналитический доклад Международного дискуссионного клуба «Валдай» // С.А. Караганов [и др.]. – М.: Совет по внешней и оборонной политике, РИА Новости, 2012. – 81 с.
3. Статистика внешней и взаимной торговли товарами // Евразийская экономическая комиссия [Электронный источник]. – 2015. – Режим доступа: [http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr\\_i\\_makroec/dep\\_stat/tradestat/Pages/default.aspx](http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/Pages/default.aspx). - Дата доступа: 01.10.2015.
4. Услуги ОТЛК более чем востребованы, отмечают в РЖД 21.05.2015 // Интерфакс [Электронный источник]. – 2015. – Режим доступа: <http://www.interfax.by/news/belarus/1184292>. – Дата доступа: 02.10.2015.

## **КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ТАЛДАУДЫҢ МӘНІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

С.Е. Мәлік

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық  
Университеті, Астана қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекші - Мақыш С.Б.

Коммерциялық кәсіпорын жағдайының тұрақтылығы оның қаржылық тұрақтылығымен анықталады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайының басқа көрсеткіштеріне қарағанда қаржылық тұрақтылық, ең алдымен, қызметті қаржыландыру көздерінің құрамы мен құрылымы арқылы сипатталады. Сәйкесінше, негізгі көрсеткіштер баланс пассиві, оның ішінде, меншікті капитал көлемі негізінде есептеледі. Ал, меншікті капиталды толтырудың негізгі көзі болып таза пайда табылады. Сондықтан, табыстылық және рентабельділік көрсеткіштері мен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері тығыз байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы белгілі бір уақыт кезеңінде ағымдық қызметті қамтамасыз ету құралдарының болуы, қаржылық ағындардың баланстылығының нәтижесі. Оны ұзақ мерзімдік кезеңдегі

төлемқабілеттілік көрсеткіші деп санауға болады. Өзінің мазмұны жағынан қаржылық тұрақтылық сыртқы пайдаланушылармен қатар ішкі қаржылық службаларға да қызық болып табылады.

Егер есептіліктің сыртқы пайдаланушыларын ерекшелейтін болсақ, онда кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы туралы шарттарды келесі кестеден көре аламыз.

Кесте-1. Есептіліктің сыртқы пайдаланушыларының шарттары

Қолданушылар	Шарттары
Мемлекет	Салықтар мен алымдардың төленуінің толықтығы мен уақытылығы
Жалдамалы қызметкерлер	Еңбекақы мөлшерінің өсуі мен уақытылы төленуі
Жабдықтаушылар	Міндеттемелердің толық және уақытылы орындалуы
Банктер	Несиелік келісімнің толық және уақытылы орындалуы
Меншік иелері	Дивиденттерді төлеуге бағытталған пайданың көлемі
Инвесторлар	Кәсіпорынған салынған салымдардың тәуекелі мен табыстылығының деңгейі

Шындығында, сыртқы кредиторларды кәсіпорынның қысқа мерзімдегі немесе қарызды қайтару кезеңіндегі төлемқабілеттілігі қызықтырады. Тек кәсіпорын мен оның меншік иелері ғана алдағы жылдарда кәсіпорын тұрақтылығының сақталуын ойлайды. Төлемқабілеттік кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының сыртқы көрінісі болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын басқару мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- тұрақты таза табыс алу;
- өнім сатылымы мен өндірісті үздіксіз қамтамасыз ету мақсатымен ақша ағындарын тиімді басқару;
- капитал құрылымын қалыптастырудағы тәуекел деңгейінің тиімділігі.

Қаржылық тұрақтылық тауарлы нарықтағы кәсіпорын жағдайы, өндірілетін өнімге деген сұраныс, кәсіпорынның іскерлік белсенділігі, инвесторлар мен кредиторларға бағыныштылық деңгейі, сатып алушылардың сенімділігі мен есептесу мерзімі, инвестициялық, ағымдық және қаржылық қызметтердің рентабельділігі сияқты факторлармен анықталады.

Қаржылық тұрақтылықты тереңірек түсіну үшін оның сыныпталуы бойынша атқарылған жұмыстарды қолдануға болады. Қаржылық тұрақтылықты пайда болу сипаты бойынша төмендегідей бөлуге болады:

- абсолютті, яғни ағымдық кезеңде кәсіпорын дамуының жоспарлы аясынан ауытқымауы. Бұл жерде кәсіпорынның стратегиялық мақсаттары мен нәтижесінің арасында тығыз байланыс болуы шарт. Жоғары қаржылық тұрақтылыққа жету тағдап алынған ұзақ мерзімді стратегияның ауытқуларының есебінен болғандықтан, ақыр соңында төлемқабілетсіздікке әкеліп соғады. Ұзақ мерзімді дамудың үлкен мақсаттарына жету үшін ағымдық пайдаларды елемеу – ол тиімді қаржылық менеджменттің бір элементі.

– нормативті, яғни бір жылға қаржылық жоспарда кепілденген. Қаржылық ағымдық және ұзақ мерзімді жоспарлау қаржылық тұрақтылықты басқару негіздері болып табылады.

Басқару тәсілдері бойынша:

– консервативті қаржылық тұрақтылық. Ол қарыз қаражаттарының минималды көлемі және төмен тәуекелді операциялармен сипатталатын сақ, қауіпсіз саясатты іске асыру нәтижесінде болатын тұрақтылық;

– жаңа нарықтарды жаулап алуға бағытталған анағұрлым жетілген саясатты жүргізу нәтижесі болып табылатын прогрессивті қаржылық тұрақтылық.

Пайдалылық тұрғысынан қаржылық тұрақтылықтың сыныпталуы:

– белсенді – кәсіпорынның ұзақ мерзімді дамуындағы міндеттерді орындауға және қызметтің қаржылық нәтижелерін жақсартуға бағытталған қаржылық тұрақтылық;

– пассивті – жалпы және салыстырмалы тез іске асырылатын міндеттерді, мәселелерді шешуге, іске асыруға бағытталған және өндірістің дамуына әсер етуді қарастырмайтын қаржылық тұрақтылық.

Қаржылық тұрақтылық талдауы капитал құрылымын бағалаудан басталады. Осы жерде келесі мәселелерді қарастыруға болады.

Біріншіден, бухгалтерлік баланс қаржылық талдаудың негізгі көзі ретінде бірнеше ерекшеліктерге ие. Ол мүлікті нысанына және мазмұны бойынша бөледі. Бұл байланыс баланстың қорытынды бөлімі бойынша ғана жүзеге асады. Нәтижесінде актив пен капитал бөлімдерінің арасындағы байланыс жойылады.

Екіншіден, экономикалық теорияда кәсіпорын капиталы деген ұғыммен міндеттемелерді шегергендегі активтердің жалпы құны түсіндіріледі. Егер осы көрсеткішті бухгалтерлік баланс бойынша қарастырсақ, онда біз таза активтерді немесе меншікті капиталды аламыз. Осылайша, Қаржылық тұрақтылық талдауында біз капиталға деген екі көзқарасқа(барлық мүлікке сияқты немесе меншікті мүлікке) тап боламыз.

Үшіншіден, қаржылық құралдардың болуы, бір жағынан, қаржылық тұрақтылықты төмендетеді және сәйкесінше, қаржылық жағдайдың абсолютті, қатысты көрсеткіштеріне әсер етеді. Алайда, қаржылық құралдар пайданың өсуіне әсер ететін қызмет көлемін ұлғайтуға, жаңа нарықтарға шығуға, қызметтің жаңа түрлерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешуді қарастыру үшін кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін қарастырамыз. Дәстүрлі түрде оларды екі топқа бөледі: абсолютті және қатысты.

Абсолютті көрсеткіштерге меншікті айналым қаражаттарының(таза айналым капиталының) жалпы сомасын және қорлардың қалыптасуының қалыпты көздерін жатқызады.

Меншікті айналым капиталы(МАК) – бұл меншікті және ұзақ мерзімді көздердің есебінен қаржыландырылатын айналым активтерінің бөлігі. Таза айналым капиталы(ТАК) – бұл ағымдық қызметті қаржыландыруға(айналым

активтеріне салымдар) бағытталған меншікті капитал мен ұзақ мерзімді активтердің бөлігі. Арифметикалық тұрғыдан екі көзқарас бойынша сол бір мөлшер: баланстың активі мен пассиві:

$МАК = \text{Айналым активтері} - \text{Қысқа мерзімді міндеттемелер};$

$ТАК = \text{Меншікті капитал} + \text{Ұзақ мерзімді} - \text{Айналымнан тыс активтер}.$

Қорлардың қалыптасу көздерін қарастыратын болсақ, айналымнан тыс активтер меншікті және ұзақ мерзімді көздерден қаржыландырылатыны көрінеді. Яғни мақсатқа сай автомобиль несиеге Зайға алынса, 3 жыл амортизацияланады. Салынған құралдарды қайтару уақыты мен міндеттемелерді орындау мерзімінің сәйкес келмеуі қазір болмаса да, болашақтағы төлемқабілетсіздікке әкеледі.

Нормативтен тыс қорлар, дайын өнім және қайта сатылымға арналған тауарлар қысқа мерзімді қарыз құралдары және қорлар есебімен жабдықтаушыларға берілетін несиелік міндеттемелер бойынша қаржыландырылуы мүмкін.

Осылайша, меншікті айналым қаражаттарын, қысқа мерзімді қарыз құралдарын, қорлар есебімен жабдықтаушыларға берілетін несиелік міндеттемелерін қорлардың қалыптасу көздері(ҚҚК) деп есептеуге болады.

Осы жерде қаржылық тұрақтылықтың төрт түрін бөліп көрсетуге болады:

– Абсолютті, бұл кезде қорлар меншікті айналым қаражаттары есебінен қаржыландырылады( $\text{Қорлар} \leq \text{МАК}$ );

– Қалыпты, бұл кезде қорларды қаржыландыруда қысқа мерзімді қарыз құралдары және жабдықтаушыларға берілетін несиелік берешектер қатысады( $\text{МАК} < \text{Қорлар} \leq \text{ҚҚК}$ );

– тұрақты емес жағдай, бұл кезде қорлардың қалыптасуы үшін қалыпты қаржыландыру көздерінің жетіспеушілігі байқалады, яғни кәсіпорынның нормативтен тыс қорлары (еңбекке ақы төлеу, салықтар, алымдар, сақтандыру төлемдері бойынша міндеттемелер) бар деп саналады;

– дағдарыстық жағдай, тұрақты емес жағдайдағы факторлар пунктіне созылмалы залалдық пен созылмалы уақыты өткен қарыздар қосылады.

Бұл арасалмақты келесідей формада көрсетуге болады:

$$(\text{АтА} + \text{Қорлар}) \leq \text{МК} + \text{ҰММ} + \text{ҚмҚК}; \text{ДБ} \geq \text{КБ},$$

мұнда АтА – айналымнан тыс активтер, МК – меншікті капитал, ҰММ – ұзақ мерзімді міндеттемелер, ҚмҚК – қысқа мерзімді қарыз құралдары, ДБ – дебиторлық берешек, КБ – кредиторлық берешек.

Егер айналымнан тыс активтер мен қорлар болашақта қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыз құралдарын тарту мүмкіндігімен меншікті қаражаттар есебіне жабылып, есептегі ақша қаражаттары кредиторлық берешекті өтеу үшін

жеткілікті болса, онда кәсіпорын қалыпты қаржылай тұрақты деп тұжырым жасауға болады.

Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштеріне капиталдың қаржылық құрылымын сипаттайтын коэффициенттер жатады:

1. Автономия көрсеткіші жалпы қаржыландыру көздері сомасындағы меншікті капитал үлесін сипаттайды.

2. Меншікті және қарыз қаражаттарының арасалмағы коэффициенті меншікті капиталдың бір теңгесіндегі қарыз капиталының көлемін көрсетеді.

3. Меншікті капиталдың маневрлік (мобильділік) коэффициенті ағымдық қызметті қаржыландыруға (айналым активтеріне салынған) бағытталған меншікті капитал үлесін көрсетеді:  $M_k = \text{МАК} / \text{МК}$ .

4. Меншікті айналым қаражатымен (таза айналым капиталы) қамтамасыз етілу коэффициентіменшікті және ұзақ мерзімді көздердің есебінен қаржыландырылатын айналым активтерінің үлесін көрсетеді:  $K_{\text{мак}} = \text{МАК} / \text{АА}$ , мұнда АА – айналым активтері.

Баланстағы қарыз капиталының үлесін, капитал мультипликаторын, бір теңге қарыз капиталындағы меншікті капитал көлемін, меншікті және ұзақ мерзімді тартылған қаражаттар үлесін және т.с.с есептеуге мүмкіндік болғандықтан, коэффициенттер тізімін жалғастыруға болады. Бірақ, бұлардың бәрі қаржыландыру көздерінің құрылымын сипаттайды. Олардың әртүрлілігі қаржылық менеджменттің түрлі міндеттерімен және факторлы аналитикалық үлгілеріне кіріктірілгенімен байланысты.

Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштерін кәсіпорын балансындағы «мәселелі аймақты» іздеудегі құрал деп есептесек болады. Міндеттемелердің үлкен көлемі міндетті түрде меншікті, қарыздық капиталдар құрылымының талдауына, қарызды жабу үшін ақша ағындарын іздестіру тұрғысынан ақшалай қаражаттар қозғалысының талдауына, рентабельділік талдауына деген қажеттілікті тудырады.

Қаржылық тұрақтылық талдауының мәселелеріне оралайық.

Сонымен, бухгалтерлік баланс түсінігі туралы британдық (еуропалық) үлгісі бойынша активтер бөлімінде тек айналымнан тыс активтер мен меншікті айналым қаражаттары ғана бейнеленеді. Соған сәйкес пассивте меншікті капитал мен ұзақ мерзімді міндеттемелер көрсетіледі. Осылайша баланс қысқа мерзімді міндеттемелер мен оған сәйкес айналым активтері көрсетілмейді.

Қаржылық тұрақтылықты сипаттау үшін қорларды қалыптастыру көздерімен қамтамасыз ету коэффициентін бағалайтынын есепке ала отырып, қаржылық талдау мақсатында еуропалық үлгіні кеңейту маңызды, оның ішінде:

– қысқа мерзімді қарыз қаражаттарын айналым активтерін көбейтетін қорларды қалыптастыру көзі ретінде пассивке кіріктіру;

– отандық тәжірибеде жабдықтаушылар төлемдерінің мерзімін ұзарту нәтижесінде кәсіпорында біршама қорларды және жалпы ағымдық қызметті қаржыландыру көздері болатындықтан, пассивке жабдықтаушылардың кредиторлық берешектерін қосқан жөн (кестені қараңыз).

Кесте-2. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалау мақсатында бухгалтерлік баланстың ықтимал құрылымы

Дәстүрлі баланс		Британдық(еуропалық) үлгі		Отандық кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін баланстың аналитикалық үлгісі	
Актив	Пассив	Актив	Пассив	Актив	Пассив
Айналымнан тыс активтер–1000	Меншікті капитал–1500	Айналымнан тыс активтер–1000	Меншікті капитал–1500	Айналымнан тыс активтер–1000	Меншікті капитал–1500
Айналым активтері–2000	Ұзақ мерзімді міндеттемелер – 500	Айналым активтері –1000	Ұзақ мерзімді міндеттемелер–500	Айналым активтері – 1800	Ұзақ мерзімді міндеттемелер–500
	Қысқа мерзімді міндеттемелер–1000				Қысқа мерзімді міндеттемелер–800, оның ішінде: қарыз қаражаттары–300, кредиторлық берешек–500

Капиталды кәсіпорынның таза меншікті қаражаты ретінде қарастыру ең алдымен, шаруашылық субъектісінің қаржылық тұрақтылығын анықтайтын көрсеткіштерге көңіл бөлуге көмектеседі.

Жоғарыда аталғандай, үшінші мәселе капитал құрылымын оңтайландырумен байланысты. Кез келген кәсіпорын қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, қызмет аясын кеңейтуге талпынады. Бұл мақсатқа жету үшін оңтайлы көлемде қарыз қаражаттары қажет және оларды тиімді пайдалана білу керек. Әр нақты ұйым үшін нақты уақыт шегінде оңтайлы капитал құрылымы өзіндік ерекшелікті болады. Ол кәсіпорынның шаруашылық және қаржылық стратегиясын, ішкі және сыртқы орта факторларын есепке ала отырып қалыптастырылады.

Қарыз қаражатын пайдалану кредитор кәсіпорынның болашақтағы табысынан үміттенбейтіндіктен, жағымды болуы мүмкін. Қарыз қаражатының болуы меншікті капитал құрылымын өзгертпейді. Қарыз көлемі мен оны өтеу мерзімі қарыз келісімінде бекітіледі және ол анағұрлым сапалы қаржылық жоспарлауға ықпал етеді.

Қаржыландыру көздерінің құрылымын бағалауда олардың активтерде орналасуына аса көңіл бөлген жөн. Қарыз капиталын тартудың мақсаттылығы оны тиімді пайдаланумен байланысты. Егер қиын және жай өтімді активтер қаржылық тәуелсіздікті сақтау мақсатында меншікті қаражаттар есебінен қаржыландыруы керек екенін ескерсек, онда көп мөлшерде жай өтімді активтері бар кәсіпорынның үлкен көлемді меншікті капиталы болуы шарт.



Қаржылық тұрақтылықты сақтаудың тағы бір шарты – тұрақты шығындардың өсу қарқыны мен көлемін бақылау. Олардың көлемі неғұрлым көп, соғұрлым меншікті капитал көлемі болғаны жөн.

Әрине, қарыз капиталын тарту пайдалылығын бағалаудың негізгі критеріі қаржылық тұтқа нәтижесі көрсеткіші болған және бола береді. Кері жағдайда меншікті капитал рентабельділігінің өсімі емес, бұған дейін жиналған қаражаттың «желінуі» болады. Көрсеткіш мәні осында. Қаржылық тұрақтылықты бағалау кезінде қарыз капиталының құрылымында ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарының орны ерекше.

Сонымен, барлық кәсіпорын үшін қаржылық тұрақтылықты күшейту және қалпына келтірудің бірдей әдісі не үлгісі болмайды. Негізінде, мәселелер кәсіпорын мақсаттарының арасындағы қайшылықтарға, оларға жету бойынша қаражаттардың құрамына, ресурстар көлеміне байланысты туындайды. Табысқа жетудің негізі болып стратегиялық мақсаттардың болуы және қаржылық талдау әдістемесін игеру саналады. Бухгалтерлік балансты анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер басқарушылық шешімдерді қабылдауға «материалды» негіз болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. [http://analyse.ru/publ/finansovyj\\_analiz/analiz\\_finansovoj\\_ustojchivosti\\_organ](http://analyse.ru/publ/finansovyj_analiz/analiz_finansovoj_ustojchivosti_organ)
2. [http://www.elitarium.ru/2007/04/20/finansovaja\\_ustojchivost\\_predpriyatija.htm](http://www.elitarium.ru/2007/04/20/finansovaja_ustojchivost_predpriyatija.htm)

УДК 339.138

### **МАРКЕТИНГ В СИСТЕМЕ РЫНОЧНОГО МЕХАНИЗМА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ**

М.В.Мальчик, Н.А.Гонтаренко

Национальный университет водного  
хозяйства и природопользования, г. Ровно

Маркетинг как философия управления и «философия руководства» [1, с.13] является общепризнанной концепцией бизнеса, от применения которой зависит долгосрочная рентабельность предпринимательской деятельности и благосостояние потребителей. На микроэкономическом уровне произведен глубокий анализ всевозможных аспектов маркетинговой концепции бизнеса. При этом Котлер указывает на существование так называемой «всеобщей концепции маркетинга» [1, с.39]. Котлер считает, что «центральной концепцией маркетинга является транзакция. Транзакция – это обмен стоимостями между двумя сторонами. Они не должны ограничиваться товарами, услугами и деньгами; они охватывают также другие ресурсы, такие как время, энергия, чувства (эмоции, ощущения) [1, с.39].